Өзін-өзі тексеру сұрақтары

1. (ξ, η) дискретті кездейсоқ векторының η кездейсоқ шамасы y_k мәнін қабылдағандағы ξ кездейсоқ шамасының x_j мәнін қабылдауының шартты ықтималдығының анықтамасын беріңіз.
2. (ξ, η) дискретті кездейсоқ векторының η кездейсоқ шамасы барлық мүмкін мәндерін қабылдап шыққандағы ξ кездейсоқ шамасының шартты үлестірімін кестесі қалай анықталады?
3. (ξ, η) кездейсоқ векторы $p(x, y)$ бірлескен үлестірім тығыздығымен берілген жағдайда $\eta(\omega) = y$ шарты орындалғандағы ξ кездейсоқ шамасының шартты үлестірім функциясы қалай анықталады?
4. (ξ, η) кездейсоқ векторы $p(x, y)$ үзіліссіз бірлескен үлестірім тығыздығымен берілген жағдайда $\eta(\omega) = y$ шарты орындалғандағы ξ кездейсоқ шамасының шартты үлестірім тығыздығы қалай анықталады?
5. (ξ, η) дискретті кездейсоқ векторының η кездейсоқ шамасы y_k мәнін қабылдағандағы ξ кездейсоқ шамасының шартты математикалық күтімі дегеніміз не?
6. (ξ, η) дискретті кездейсоқ векторы берілсін. ξ дискретті кездейсоқ шамасының η дискретті кездейсоқ шамасына қатысты шартты математикалық күтімі дегеніміз не?
7. ξ дискретті кездейсоқ шамасының η дискретті кездейсоқ шамасына қатысты шартты математикалық күтімі $M(\xi|\eta)$ қандай қасиеттерге ие?
8. (ξ, η) үзіліссіз кездейсоқ векторы берілсе, саны ξ үзіліссіз кездейсоқ шамасының η үзіліссіз кездейсоқ шамасы $\eta(\omega) = y$ мәнін қабылдағандағы $M(\xi|\eta) = M(\{\omega \in \Omega: \xi(\omega)|\eta\ (\omega) = y\})$ шартты математикалық күтімі деп аталады.